



«ЖІГЕР» ЖАСТАР ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ



МӘСЕЛЕНІҢ СИПАТТАМАСЫ:

Туған елімізде белсенді жастардың қатарын көбейту – өте өзекті мәселе. Себебі кеңестік дәуірде өз елінде жүріп түрлі әлеуметтік кедергілер себебінен (тіл, ауылдық жер, мамандық ерекшеліктері) менталдық ерекшеліктер қалыптасып, белсенділік таныта алмаған жергілікті ұлттың жастарын жаңа заманның талабына бейімдеу қажет. Оларды қаланың тіршілігі, менталитеті, іскерлік ортасына бейімдейтін, бизнестің, жеке кәсіпкерліктің психологиялық, әлеуметтік қыр-сырымен таныстыратын, үйрететін іскерлік орталық қажет-ақ.



ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

«Жігер» жастар іскерлік орталығының мақсаты – қалаға келген жастардың бизнеске, жеке кәсіпкерлікке үйрету, әлеуметтік белсенділігін арттыру, сөйтіп өмір мұратына жаңа мазмұн орнықтырған жастарда қалыптастыру болып табылады. Ол үшін орталықта қала тіршілігіне бейімдейтін психологиялық, сондай-ақ бизнеске, жеке кәсіпкерлікке үйрететін тренингтер, тіл үйрету курстары ұйымдастырылады. Ол тренингтер мен курстарға қазақстандық белгілі тұлғалар, мамандар, жергілікті бизнесмендер тартылады.

ALL LASTING
BUSINESS
IS BUILT ON
FRIENDSHIP
ALBERTA MONTAGNER




КОГДА МНЕ НЕ ХВАТАЛО ДЕНЕГ —
Я САДИЛСЯ ДУМАТЬ,
А НЕ БЕЖАЛ ЗАРАБАТЫВАТЬ.
ИДЕЯ — САМЫЙ ДОРОГОЙ
ТОВАР НА СВЕТЕ.



ВЕРИ В СЕБЯ
@maxmusic

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

- Қостанай қаласында жастардың ҰЕҰ қолдауымен мемлекеттік тілге басымдылық беретін іскерлік орталығы жұмыс жасайтын болады;
- Ауыл жастарының қала тіршілігіне бейімдеу жұмыстары жүргізіледі;
- Жастарды бизнес, жеке кәсіпкерлікке бейімдеу жұмысы жолға қойылады;
- Бизнес жүргізудің қыр-сыры үйретіледі;
- Жастардың бойында ашық прагматизм қалыптасады;
- Үш тұғырлы тіл саясаты нақты жүзеге асады;
- Жастардың қоғамдық-әлеуметтік белсенділігінің артуына қолдау көрсетіледі.



ҚАЖЕТТІ ҚАРЖЫ :

«Жігер» жастар іскерлік орталығын ұйымдастыруға қажетті қаражат– 1 500 000 теңге.

«Асар» Әлеуметтік жобалар платформасынан сұралатын қаражат– 1 000 000 теңге.

500000 теңге «Нұршаңырақ» қоғамдық қорынан

Жобаны жүзеге асыру орны:

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ



ЖОБАНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ:

Қала келген жастардың жеке кәсіп пен бизнес ашу істеріне көмек беріледі. Жұмыссыздық мәселесін шешуге көмектеседі. Жастардың әлеуметтік белсенділігін, жігерін арттырады.

